

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен есепке алу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 7 қазандағы № 18-02/898 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 қарашада № 12248 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1065 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 29.12.2015 № 1065 бұйрығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман Кодексінің 78-бабының 3-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен есепке алу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр
Қ а з а қ с т а н
А у ы л

А. Мамытбеков
Р е с п у б л и к а с ы
ш а р у а ш ы л ы ғы
м и н и с т р і н і ң

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен есепке алу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 78-бабының 3-1-тармағына сәйкес әзірленген және мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен есепке алу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) артықшылығы бар ағаш – дәл сондай орман өсіру жағдайларында өзімен қатар өсіп тұрған, өзімен бір жастағы және фенологиялық нысандағы айналасындағы ағаштардан бір немесе бірнеше шаруашылық жағынан құндылық белгілері мен қасиеттері бойынша айтарлықтай асып түсетін ағаш;

2) артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттары – артықшылығы бар ағаштардың гендік қорын сақтау және тұқым қуалау қасиеттерін зерттеу мақсатында олардың вегетативтік тұқымдарын пайдалану арқылы өсірілген е к п е л е р ;

3) вегетациялық кезең – өсімдіктердің өсу мен өрістеуі (вегетация) мүмкін болатын жылдың кезеңі ;

4) географиялық дақылдар – жаңа жағдайларда сынақтан өткізу мақсатымен бірнеше экотиптердің (климатиптердің) неғұрлым тән популяцияларының тұқымдық ұрығынан арнаулы әдістемелер бойынша өсірілетін тәжірибелік дақылдар ;

5) климатип – белгілі бір климаттық жағдайлардың әсерімен қалыптасқан экотип ;

6) клон – вегетативтік көбейту жолымен бір бастапқы дарақтан немесе апомиктикалық тұқымнан алынған және бірдей генотипі бар барлық ұрпақтардың (рамет) жиынтығы ;

7) орманның генетикалық резерваты – өсімдіктер түрі, түр тармағы популяциясының генетикалық-селекциялық тұрғыдан құнды бөлігі бар орман учаскесі ;

8) орман тұқымы плантациясы (бұдан әрі – ОТП) – берілген тұқым

қуалаушылық қасиеттері және себу сапасы жоғары сорттық, элиталық немесе будан тұқымдарын жүйелі жоғары түрде (ұзақ уақыт бойы) алуға арналған артықшылығы бар ағаштардың тұқымды, немесе вегетативтік ұрпағы болып табылатын өсімдіктердің арнаулы генетикалық схема бойынша отырғызылып, қолдан өсірілген екпесі;

9) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласында басқару, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

10) сынақ дақылдары – генетикалық бағалау мақсатында арнайы әдістемемен артықшылығы бар ағаштарының, артықшылығы бар екпелердің, бірінші реттік орман тұқымы плантациялардың және тұрақты орман тұқым учаскелерінің тұқымдық ұрпағынан құрылған орман дақылдары.

2. Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестаттау тәртібі

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестаттауды осы салада мамандандырылған ұйымдар (бұдан әрі – мамандандырылған ұйымдар) жүзеге асырады.

4. Мамандандырылған ұйымның бірінші басшысының бұйрығымен мынадай құрамда аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) құрылады:

- 1) мамандандырылған ұйымның бірінші басшысының орынбасары (комиссия төрағасы);
- 2) мамандандырылған ұйымның мамандары;
- 3) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің өкілі;
- 4) аумағында селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілер анықталған мемлекеттік орман иеленушінің өкілі.

5. Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестаттау:

1) анықталған және құрылған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің аттестаттауға дайындығына қарай кез келген уақытта вегетациялық кезең ішінде;

2) осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді алдын ала есепке алу және іріктеу бойынша материалдар бар болған кезде жүзеге асырылады.

6. Комиссия селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтаған ұйым өкілдерінің және мемлекеттік орман иеленуші өкілдерінің қатысуымен жергілікті жерге барып тексереді және олардың нысаналы мақсатқа сәйкес келуін айқындайды. Тексеруді жүргізу мерзімі бір селекциялық-генетикалық

мақсаттағы объектіге 3 жұмыс күн есебінен белгіленеді.

7. Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді тексеру нәтижелері бойынша Комиссияның қорытындысы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік орман қоры аумағындағы селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестаттау нәтижелері туралы актісінде (бұдан әрі – акт) көрсетіледі. Акт тексеру аяқталғаннан кейін бірден жасалады және оған қол қойылады.

Комиссияның оң қорытындысы болған жағдайда Комиссия актіге қол қойғаннан кейін күнтізбелік 3 күн өткен соң селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілер аттестатталған болып есептеледі.

8. Анықталған және құрылған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілер өздерінің нысаналы мақсатына сәйкес келмеген жағдайда Комиссия теріс қорытынды береді.

9. Актіге қол қойылғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде аттестатталған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерге Комиссия осы Қағидаларға 4, 5, 6, 7-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша паспорттарды толтырады. Паспорттарға орамдық желіге немесе басқа тұрақты бағдарларға байланыстырылған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің орналасуының сызбалық жоспарлары қоса беріледі.

10. Аттестатталған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерге паспорттар алты данада: біріншісі – мемлекеттік орман иеленуші; екіншісі – мемлекеттік орман иеленуші қарауында болатын мемлекеттік орган; үшіншісі – уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі, төртіншісі – мамандандырылған ұйым, бесіншісі – уәкілетті орган және алтыншысы – селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтаған ұйым үшін жасалады.

11. Аттестатталған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілер:

1) жергілікті жерде арнайы белгілерімен шектеледі, оларға осы Қағидаларға 8-қосымшада көрсетілген орман шаруашылығы белгілері басылады;

2) осы Қағидаларға 9, 10, 11, 12, 13-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тізілімдерге енгізіледі. Жиынтық ведомості мамандандырылған ұйым толтырады және жүргізеді.

3. Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді есепке алу тәртібі

12. Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді есепке алу, олардың жай-күйіне және нысаналы пайдаланылу дәрежесіне талдау жасау үшін мамандандырылған ұйым уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің және мемлекеттік орман иеленушілердің өкілдерімен бірлесіп жыл сайын оларды

13. Вегетациялық кезеңде көзбен шолып қарау жолымен тексеру барлық аттестатталған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерде жүргізіледі.

14. Тексеру көлемі объектілердің алаңына байланысты болады және осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес айқындалады.

15. Әрбір селекциялық-генетикалық мақсаттағы объект бойынша оның қаз-қалпында ресімделуінің (шекаралық белгілердің және оларда жазбалардың болуы), оның жай-күйінің (ағаштарды зиянкестердің бүлдіру және ауруға шалдығу, механикалық зақымдар белгілерінің болуы, ұшарбаста кеуіп бара жатқан бұтақтардың сипаты және болуы, екінші қабаттың өсуі, ағаш астында өсімдіктердің өсуі), нысаналы пайдаланылуының сапасы (бүрлер, жемістер, тұқымдар, қалемшелер дайындау), сондай-ақ паспорттағы немесе жиынтық ведомостағы жазбалардың нақты деректерге сәйкестігі айқындалады.

16. Мамандандырылған ұйым тексеру материалдарын талдайды және уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелеріне жыл сайын ағымдағы жылғы 15 желтоқсанға дейін селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің бар-жоғы және олардың жай-күйі туралы осы Қағидаларға 15 және 16-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша және оларды одан әрі пайдалану, қаз-қалпында ресімдеу, реконструкциялау (қалпына келтіру) немесе есептен шығару бойынша ұсыныстар енгізеді.

17. Уәкілетті орган күнтізбелік 30 күн ішінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің бар-жоғы және олардың жай-күйі туралы ұсынылған ақпаратты қарайды және оларды қарағаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде олардың жай-күйін одан әрі жақсарту, пайдалану немесе есептен шығару жөніндегі шаралар туралы уәкілетті органның бұйрық нысанында шешім қабылдайды.

18. Уәкілетті органның шешімі негізінде мамандандырылған ұйым күнтізбелік 30 күн ішінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің жиынтық ведомостарына, паспорттарына өзгерістер енгізеді және күнтізбелік 10 күнде орман орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде пайдалану үшін оларды мемлекеттік орман орналастыру ұйымына жеткізеді.

Мемлекеттік орман қоры
учаскелерінде селекциялық-генетикалық
мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен
есепке алу қағидаларына

1-қосымша

Нысан

Артықшылығы бар ағашты алдын ала іріктеу карточкасы № _____

1. Облысы _____
2. Әкімшілік ауданы _____
3. Мемлекеттік орман иеленуші _____
4. Орманшылық _____
5. Орам № _____
6. Телім № _____

Артықшылығы бар ағаштың орамда және телімде орналасуы туралы мәлімет (орналасу схемасы, географиялық координаталары)

Ағаш табылған телімдегі екпелердің қысқаша сипаттамасы

7. Құрамы _____
8. Бонитет класы _____
9. Орман типі (орман өсу жағдайлары) _____
10. Орташа жасы _____ жыл
11. Орташа толымдылығы _____
12. Басты тұқым бойынша орташа биіктік _____ метр
13. Басты тұқым бойынша орташа диаметр _____ метр
14. Бөктердің тіктігі, экспозициясы _____
15. Теңіз деңгейінен биіктігі _____ метр
16. Санитарлық және орман патологиялық жағдайы _____

Іріктелген ағаштың негізгі таксациялық көрсеткіштері

17. Ағаш жасы _____ жыл
18. Ағаш діңінің диаметрі (ұшар басы) _____ сантиметр
19. Диаметрдің орташасынан асу % _____
20. Биіктігі _____ метр
21. Биіктікті орташа биіктен арттыру % _____
22. Нысаналы мақсаты бойынша іріктеп алынатын ағашты сипаттайтын көрсеткіштер (шайыр шығымдылығы, тұқым шашуының молдығы, тұқым сапасы, сүрек құрылымы) _____

Карточканы толтырған _____
лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы

20 __ жылғы «__» _____

Ескертпе: телім екпесінің сипаттамасы орман орналастыру материалдарынан алынады.

Мемлекеттік орман қоры
учаскелерінде селекциялық-генетикалық
мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен
есепке алу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

**Артықшылығы бар ағаштардың сынақ дақылдарын
(географиялық, экологиялық дақылдарды)
есепке алу карточкасы № _____
(керегі сызылады)**

Тұқым _____

1. Облысы _____

2. Мемлекеттік орман иеленушісі _____ орманшылық _____
орам _____ телім _____

3. Учаске алаңы, гектар _____

4. Өсу орнының жағдайлар типі _____

5. Отырғызу жылы _____

6. Сыналатын тұқымдар мен клондар саны (экотиптер, сорттар) _____

7. Ағаштардың орналасуы (арақашықтығы, метр) _____

8. Қайталану саны _____

9. Өсімдіктер мен ұрпағының саны (дан-дейін), дана _____

10. Бақылаудың бар-жоғы және оның сипаты _____

11. Дақылдардың жай-күйі _____

12. Объектінің отырғызу мақсатына сәйкестігі туралы және одан әрі
пайдалану режимі туралы комиссияның қорытындысы _____

13. Таралым-сорттарына, будан-сорттарына, клон-сорттарына
кандидаттарды бөлу жөніндегі ұсыныстар (тұқымдар, клондар, экотиптер
сорттарының атаулары мен нөмірлері) _____

14. Объектіні күтіп-ұстау және жай-күйін жақсарту жөнінде ұсынылатын
іс-шаралар _____

**Артықшылығы бар ағаштардың сынақ дақылдары учаскесіндегі
(географиялық, экологиялық дақылдар және сорт сынау
учаскесінде) ағаштарды қайта есептеу ведомосы
(керегі сызылады)**

--	--	--	--	--	--

Артықшылығы бар ағаштың № __ (артықшылығы бар ағаштардың тізілімі бойынша), сорттың атауы және шығу тегі	Қайталану	Ағаштар саны, дана	Сақталуы, %	Ағаштардың жай-күйі
1	2	3	4	5
	1 . 2 . 3.			
	тұқымы, сорты, шығу тегі бойынша жиыны:			
	Учаске бойынша барлығы:			
Бақылау	1 . 2 . 3.			
	Бақылау бойынша жиыны:			

Карточканы толтырған _____

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы

20 __ жылғы «__» _____

Мемлекеттік орман қоры
учаскелерінде селекциялық-генетикалық
мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен
есепке алу қағидаларына

3-қосымша

Нысан

_____ мемлекеттік орман қоры аумағындағы
(мемлекеттік орман иеленушінің атауы)
**селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді
аттестаттау нәтижелері туралы
акті**

_____ бұйрығына сәйкес
(мамандандырылған ұйымың атауы)

_____ құрамындағы
аттестаттау комиссиясы (комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса), лауазымы) аттестаттау (есептен шығару, есепке алу)
мақсатында селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді тексерді.
Тексеру нәтижесінде мыналар анықталды: _____

Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің нысаналы мақсаттарын ескере отырып, олар аттестатталатын, жарамсыз деп танылатын, есептен шығарылатын себептер баяндалады. Бұл ретте әрбір селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектінің көлемі немесе олардың саны (ағаштар үшін), түр атауы, орманшылығы, орамы, телімі көрсетіледі.

Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің жай-күйін жақсарту немесе оны реконструкциялау мақсатында белгілі бір орман шаруашылығы және өзге де іс-шараларды жүргізу қажет болған жағдайда олардың тізбесін келтіреді.

Комиссия анықталған және құрылған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді _____.
(аттестаттайды немесе қабылдамайды)

Аттестатталған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілер

№	Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің атауы	Объектілердің саны
1	2	3

Комиссия мүшелерінің қолы: _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы

Мемлекеттік орман қоры

учаскелерінде селекциялық-генетикалық

мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен

есепке алу қағидаларына

4-қосымша

Нысан

Қазақстан

Республикасы

облысы _____

Мемлекеттік орман иеленушісі _____

Түрлік атауы _____

Артықшылығы бар ағаштың № _____ (тізілім бойынша)

паспорты

1. Ағаштың орналасқан орны:

Орманшылық _____

Орам № _____ Телім № _____

Мемлекеттік орман иеленушісі бойынша ағаш нөмірі _____

Табиғи тұрысында ағаш қалай белгіленген _____

Телімдегі артықшылығы бар ағаштың орналасуы (схемасы қоса беріледі)
 2. Телімдегі екпелердің таксациялық сипаттамасы (қабат бойынша, ағаш қайда өсірілген)

Құрамы	Сынып жасы/ жыл	Орташа		Бонитет сыныбы	толымдылығы	Қоры кубметр/ гектар	Екпелердің селекциялық санаты	Б а с ы м морфологиялық немесе фенологиялық нысаны
		Биіктігі (Н), метр	Диаметр (D), сантиметр					
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Шығу тегі (табиғи-тұқымдық, өскіндік немесе дақылдық) _____

Орман типі _____

Орман өсу жағдайларының типі _____

Өскіні _____

Орман астары _____

Жамылғысы _____

—
 Топырақ және топырақ құрайтын жыныс _____

Рельеф _____

Көлбеулігі, бөктерінің экспозициясы _____

Теңіз деңгейінен биіктігі _____

Екпенің санитариялық жай-күйі _____

3. Артықшылығы бар ағаштың сипаттамасы:

Шығу тегі _____

Фенологиялық, морфологиялық нысаны _____

Жасы, жыл _____

Биіктігі, метр _____

Дің диаметрі, сантиметр _____

Дің көлемі, шаршы метр _____

Өсу және даму сыныбы (көз мөлшермен) _____

Ұшар басының орташа диаметрі, метр _____

Ұшар басының нысаны (конус тәрізді, сопақ цилиндр-тәрізді) және оның симметриялылығы _____

Ұшар басының ұзындығы, метр _____, діңнен биіктік (Н)% _____

Бұтақтардың қалыңдығы (қалың, орташа, жұқа) _____

Діңнің бұтақсыз аймаққа дейінгі ұзындығы, метр __, діңнен биіктік (Н) % _____

Өлі бұтақтардың өсуі (жақсы, орташа) _____

Дiң нысаны (түзу, толық сүректi) _____

Биiктiк өсiмi көз мөлшерлiк бағамен (жақсы, орташа) _____

Емен және дiң бойындағы сулы бұталардың дамуы (күшті, орташа, әлсiз) _____

Қабық сипаттамасы (бояуы, сызаттануы және тағы басқа) _____

Ағаштың санитариялық жай-күйi, гүлдену және тұқымдану туралы мәліметтер _____

Артықшылығы бар ағаштың екпелердiң орташа көрсеткiшiмен салыстырғандағы _____ артықшылық көрсеткiштерi:

биiктiгi бойынша _____ %, диаметрi бойынша _____ %

Артықшылығы бар ағаштың мақсаты бойынша сипаттайтын көрсеткiштерi (iрiктелген ағаштың және екпенiң шайыр өнiмдiлiгi, мол тұқым беруi, тұқым сапасы, сүрек текетурасы) _____

10 метр радиустағы қоршаған ағаштардың қысқаша сипаттамасы (тұқым, ағаштардың селекциялық санаты, ағаш сапасы), шаруашылық өкiмдер _____

Мына құрамдағы комиссия ағашты iрiктеп, артықшылығы бар ағаштар с а н а т ы н а қ о с т ы :

_____ ұйым, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы

_____ ұйым, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы

_____ ұйым, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы

Паспорт _____ данада жасалды

20 __ жылғы «__» _____

4. Артықшылығы бар ағаштарды күтіп-баптау

Күні	Жүргізілген іс-шаралардың атауы	Жазбаны толтырған (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)
1	2	3

5. Артықшылығы бар ағаштарды бақылау

Бақылау жылы	Өнімнің кезең бойынша бағаланауы, бақылау балы/ күні			Бүр, (жемістің), тұқымның нақты өнімі, килограмм	Тұқым сапасы	Ағаштың зақымдануы (метеорологиялық, механикалық, фито-патологиялық)	Жазбаны толтырған (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) , қолы)
	жаппай гүлденуі	жаппай түйін шығару	пісіп-жетілуінің басталуы				
1	2	3	4	5	6	7	8

6. Тұқымдар мен қалемшелерді пайдалану

Материал түрі (тұқымдар, қалемшелер)	Тұқымдар мен қалемшелердің жиналған немесе дайындалған күні	Тұқымдар (грамм) мен қалемшелердің (дана) саны	Сақтау жағдайлары мен мерзімі	Тұқымдар мен қалемшелердің қайда жіберілгені (облыс, орман шаруашылығы)	Қандай мақсат үшін
1	2	3	4	5	6

7. Артықшылығы бар ағаш ұрпағының қасиеттерін зерттеу нәтижелері _____

Күні _____ Қызметі, қолы _____

8. Элитаға ауыстыру (немесе жарамсыз деп тану) туралы қорытынды _____

Күні _____ Қызметі, қолы _____

Е с к е р т п е л е р :

1. 4-8-бөлімдер бойынша жазбаларды мемлекеттік орман иеленуші
т о л т ы р а д ы ;

2. 7 және 8-бөлімдерде жазбалар артықшылығы бар ағаштардың қасиеттерін ұрпағы бойынша тексеріп алғаннан кейін ғылыми-зерттеу ұйымдарының зерттеу деректерінің негізінде толтырылады.

К о м и с с и я м ү ш е л е р і :

_____ (ұйым, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

_____ (ұйым, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

_____ (ұйым, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

_____ (ұйым, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

20 __ жылғы «__» _____

Мемлекеттік орман қоры
учаскелерінде селекциялық-генетикалық
мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен
есепке алу қағидаларына

5-қосымша

Нысан

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Облысы _____

Мемлекеттік орман иеленушісі _____

Ағаш тұқымының түрлік атауы (түр тармағы, экотип, нысан) _____

Клондар мұрағатының паспорты

Отырғызу жылы _____ учаске № _____

Учаске алаңы _____ гектар, клондар саны _____

1. _____ О р н а л а с қ а н _____ ж е р і :

Орманшылық _____

Орам № _____ телім № _____

Отырғызу тәсілі _____

Орман өсіру жағдайларының типі _____

Орамдағы мұрағат байланымының схемасы (қоса беріледі)

Клондардың орналасу схемасы паспортқа қоса беріліп отыр.

2. Мұрағаттағы артықшылығы бар ағаштардың сипаттамасы

№	Тізілім бойынша ағаш нөмірі	Ағаштың шығу тегі (облысы, мемлекеттік орман иеленуші)	Егу саны	Ағаштың таксациялық және орман шаруашылығы ерекшеліктері (паспорт бойынша)					
				жасы	Биіктігі (Н), метр	Диаметр (D), сантиметр	Бұтақтан тазартылуы	селекцияланатын белгісі	аттестацияланған жылы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

3. Шаруашылық және селекциялық іс-шаралар ведомосы

№	Жүргізілген күні	Клон нөмірі	Іс-шаралар атауы					тұқымдар мен қалемшелер қайда пайдаланылды	ескертпе
			топырақ күтімі	мақсатты будандастыру серіктестер)	(бүр дайындау	қалемшелер дайындау	қалемшелер дайындау		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	

4. Клондарды ғылыми тұрғыдан бақылау журналы

Клон нөмірі	Бақылау уақыты (жыл, ай)	Өсімдіктер саны	Орташа		Фенологиялық кезең (күні)			Ағаштың будандастырылу түрі	Тұқымдануы, дана, грамм
			Биіктігі (Н), метр	Диаметр (D), сантиметр	Биіктіктеп өсе бастауы	Гүлдене бастауы	Биіктіктеп өсудің аяқталуы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Тұқым сипаттамасы					Бұр (жеміс) сипаттамасы			Салыстырма шайыр өнім
1000 тұқымның массасы, грамм	Толық дәнділігі, %	Зертханадағы шығымдылығы, %	тұқымның түсі	тұқым қанаттарының түсі	ұзындығы, ені, сантиметр	Апофиз нысаны (жоғарғы бетінің сипаты)	Түсі	
11	12	13	14	15	16	17	18	19

Е с к е р т п е :

1. Бақылаудағы будандастыру жұмыстарын арнайы әдістемені пайдаланып орындайды, ал оларды жүргізу барысын тиісті құжаттамада көрсетеді.

2. Ғылыми бақылау журналына енгізілетін көрсеткіштерді айқындау клондар мұрағаттарын құрудың ғылыми ұсыныстарына сәйкес жүргізіледі.

К о м и с с и я м ү ш е л е р і :

_____ (ұйым, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

_____ (ұйым, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

_____ (ұйым, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

20 __ жылғы «__» _____

Мемлекеттік орман қоры

учаскелеріндегі

селекциялық-генетикалық

мақсаттағы

объектілерді

аттестаттау

мен

есепке

алу

қағидаларына

б-қосымша

Нысан

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Облысы _____

Мемлекеттік орман иеленушісі _____

Ағаш тұқымының түрлік атауы (түр тармағы, экотип, нысаны) _____

Географиялық (таралымдық-экологиялық) дақылдардың паспорты

Отырғызылған жылы _____ Учаске алаңы _____ гектар

1 .

О р н а л а с қ а н

о р н ы :

Орманшылық _____

Орам № _____ Телім № _____

Географиялық координаталары _____

2. Дақылдар туралы жалпы мәліметтер:

Сыналатын түрлерінің саны (климат типтері, эдафотиптері) _____

Тәжірибенің қайталану саны _____

Тәжірибе жүргізуші (бастамашы, кураторы, тікелей орындаушылар) _____

Учаскенің топырақтық және топографиялық картасының бар-жоғы, олардың сақталу орны _____

Тәжірибенің жалпы бағасы (маңызы жойылған немесе күзету мен бақылауды талап етеді) _____

3. Физикалық-географиялық сипаттамасы:

Физикалық-географиялық аймағы, кіші аймақ _____

Орман тұқым ауданы, кіші ауданы _____

Теңіз деңгейінен биіктігі _____

Орман өсу жағдайының типі _____

Орман типі _____

Алқап санаты (кеспеағаш, егістік, алаңқай, өртең) және оның біркелкілігінің дәрежесі _____

Макро және микро бедері _____

Экспозиция _____ Еңістігі _____ Жерасты суларының деңгейі _____

Топырақ, аналық тұқымдығы _____

Климат көрсеткіштері (екпелерден _____ км қашықтықта және теңіз деңгейінен _____ метр биіктікте орналасқан метеостанцияның мәліметтері бойынша)

а) орташа жылдық температура _____

б) жылдық жауын-шашын _____ миллиметр, вегетациялық кезеңде _____ миллиметр

в) температурасы 5° С жоғары _____, 10° С жоғары _____ болған күндердің саны

г) 5° С жоғары _____, 10° С жоғары _____ температуралардың қосындысы Аудандағы зерттелетін тұқымның өсу жағдайларының бірдейлігі

Орман шаруашылығындағы _____ және облыстағы _____ тұқымның орташа бонитеті _____

4. Дақылдар өсіру технологиясы:

Топырақты дайындау әдісі (тұтас, ішінара) _____

Дақылдарды өсіру тәсілі (себу, отырғызу, механикаландырылған, қолмен)

Отырғызу материалының жасы _____

Алу әдісі (қатарлы, аттамалы-қатарлы, ұялы) _____

Ілеспелі тұқымдар және орын алмастыру схемалары _____

Блокта көшет отырғызу (себу) орындарын орналастыру және саны _____

Блоктардың көлемі және оларды орналастыру сипаты _____

Толықтырулар (жылы, жасы) _____

Блоктар арасындағы шекараларды қаз-қалпында белгілеу _____

5. Алқаптың контуры, оның орам жүйесі мен басқа да тұрақты бағдарларға байланымы, қайталымдар мен блоктардың орналасу схемасы, фотосхемасы (қоса беріліп отыр)

6. Аналық екпелер туралы мәліметтер

Тәжірибе схемасы бойынша пайда болу №	Облысы, мемлекеттік орман иеленушісі (координаталары)	Теңіз деңгейінен (биіктігі, метр)	Орман типі	Жасы, жыл	Бонитет сыныбы	Орташа		Екпенің сапалық сыныбы мен селекциялық санаты	Тұқым жинау түрі (таралым, жеке ағаштар, орман алаңқайы және т.б.)	Массасы 1000 тұқым, грамм
						Биіктігі (Н), метр	Диаметр (D), сантиметр			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

7. Дақылдардың өсуі туралы соңғы мәліметтер

Тәжірибе схемасы бойынша пайда болу №	Фенологиялық түрлері және басқалары	Сақталған ағаштардың саны блок/гектар (қайталанулар бойынша жеке)	Екпе саннан сақталып қалғаны, %	Жойылу себептері	Орташа		Қанағаттанарлық ағаштардың саны, %	Қоры, шаршы метр/гектар	Аурулақ және жағымсыз факторлар төзімділігі
					Биіктігі (Н), метр	Диаметр (D), сантиметр			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Өлшеу күні _____

8. Дақылдардың орман шаруашылық іс-шаралары:

8.1 Агротехникалық күтім

Жүргізу жылы	Іс-шаралар атауы	Күтім жасау технологиясы	Күтім жасау саны
1	2	3	4

8.2 Орман өсіру күтімі

Жүргізу жылы	Күтім атауы және қағидаттары (қураған ағаштарды, ілеспе тұқымдыларды, табиғи қоспаларды, сапасы төмен ағаштарды кесу)	Кесілген бөліктің сипаттамасы				Кесілген ағаш қоры	
		тұқым	Орташа биіктігі, метр	Орташа диаметрі, сантиметр	Дiң сапасы	Куб метр/ гектар	%
1	2	3	4	5	6	7	8

9. Дақылдарды қорғау және ресімдеу:

Қоршау (қоршау қажеттілігі және түрі) _____

Өртке қарсы іс-шаралар _____

Блоктарды, қайталанатын жерлерді таңбалау, аншлагтар _____

Басқалары (үзілімдерді тазалау, соқпақтарды, орман қабырғасын алыстату) _____

10. Географиялық (таралымдық-экологиялық) дақылдарды зерттеу материалдарын қамтитын әдебиет көздері, есептері:

№	Автор	Зерттеу жылы	Библиографиялық мәліметтер	Аннотациялар (не зерттелді)
1	2	3	4	5

К о м и с с и я м ү ш е л е р і :

(ұйым, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

(ұйым, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

(ұйым, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

20 __ жылғы «__» _____

Мемлекеттік орман қоры

учаскелерінде селекциялық-генетикалық

мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен

есепке алу қағидаларына

7-қосымша

Нысан

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Облысы _____

Мемлекеттік орман иеленушісі _____

Ағаш тұқымының түрлік атауы (түр тармағы, экотип, нысан)

Сынақ дақылдарының паспорты

Отырғызылған жылы _____ учаске № _____

Учаске алаңы, гектар _____

Сыналатын артықшылығы бар ағаштардың саны _____

1. _____ О р н а л а с қ а н _____ ж е р і :

Орманшылық _____

Орам № _____ Телім № _____

Орамдағы сынақ екпелері учаскесінің орналасуы (схемасы қоса беріліп
о т ы р)

Тәжірибелік, бақылау, аралық қайталанулар мен бөлінген орындардың
орналасуы (схемасы қоса беріліп отыр)

2. Учаскенің орман өсу және топырақ-гидрогеологиялық сипаттамасы:

Орналасу орны _____

Орман типі және бонитет сыныбы _____

Топырақ типі, механикалық құрамы _____

Негізгі қоректену элементтерінің құрамы және рН тұз

Қарашірік _____ % K_2O _____ миллиграмм/100 грамм топырақ

рН(тұз) _____ P_2O_5 _____ миллиграмм /100 грамм топырақ

Суда еритін тұздардың тығыз қалдығы _____%

Топырақтың қоректену элементтерімен қамтамасыз етілу дәрежесі және
топырақ ерітіндісінің реакциясы _____

Жерасты суларының тереңдігі _____ метр

Топырақтың орман өсіруге жарамдылығы және құнарлылығының деңгейі
туралы қорытынды _____

3. Сынақ екпелерін отырғызу тәсілі: артықшылығы бар ағаштардың
тұқымынан өсірілген екпелерді (көшеттерді) отырғызу (өсімдік жасын
көрсету); себу арқылы (емен, жаңғақ) _____

Учаскені дайындау агротехникасы және топырақты өңдеу _____

Отырғызу (себу) схемасы: қатардағы және қатар араларындағы
арақашықтық, 1 гектар шаққанда отырғызу орнының саны _____

4. Тәжірибе мақсатына түпкілікті қол жеткізу үшін сынақтар ұзақтығы
(дақылдар жасы көрсетілсін) _____

5. Орман өсу жағдайларының түрі _____

6. Бастапқы материалдың сипаттамасы

6.1. Артықшылығы бар ағаштар

№	Артықшылығы бар ағаштың тізілім бойынша нөмірі	Ағаштың шығу тегі (облысы, мемлекеттік орман иеленуші, ОТП, клон мұрағаттары)	Қайталанулар саны	Отырғызу кезіндегі барлық қайталану өсімдіктерінің саны	Ағаштың таксациялық және орман өсірушілік ерекшеліктері (бойынша)				
					жасы	Биіктігі (Н), метр	Диаметр (D) , сантиметр	бұтақтардан тазартылуы	селекцияландырылған белгісі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

6.2. Тұқым материалы

№	Артықшылығы бар ағаштың тізілім бойынша нөмірі	Бұрлар сипаттамасы				Тұқым				Көрсеткіш алынған күні
		Орташа диаметрі, миллиметр	Орташа ұзындығы, миллиметр	Нысан коэффициенті	Апофиза түрі	Түсі	Массасы ,1000 дана, грамм	Тұқым түсі	Тұқым қанаттарының түсі	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

6.3. Өскіндер, өркендер

№	Есепке алу уақыты	Артықшылығы бар ағаштың тізілім бойынша нөмірі	Тұқым жарнағының орташа саны	Өнгіштігі, %	Өскіндердің сақталуы, %	Орындаушы (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)
1	2	3	4	5	6	7

6.4. Епкелер, көшеттер

№	Есепке алу уақыты	Артықшылығы бар ағаштың тізілім бойынша нөмірі	Орташа биіктігі, сантиметр	Фитоинфекцияға төзімділігі, %	Сақталуы, %	Орындаушы (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8

7. Сынақ дақылдарына күтім жасау іс-шаралары

Жылы	Күні	Іс-шаралардың атау және қысқаша сипаттамасы (топырақты күтіп баптау, күтім)	Қарқындылығы, %	Жазбаны толтырған (лауазымы, тегі,

		жасау мақсатында кесу, зиянкестермен және аурулармен күресу)		аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)
1	2	3	4	5

8. С ы н а қ н ә т и ж е л е р і

Дақыл _____ ЖЫЛ _____

Бөлінген орынның қайталанудың нөмірі	Есепті жүргізу уақыты	Артықшылығы бар ағаштың тізілім бойынша нөмірі	Орташа биіктігі, сантиметр	Орташа диаметрі, сантиметр	Сақталуы, %	Шайыр өнімділігі миллиметр /тәулік	Экстремалдық әсерлерге төзімділігі	Сүректің сапасы	Дің сапас
1	2	3	4	5	7	8	9	10	11

К о м и с с и я _____ м ү ш е л е р і :

_____ (ұйым, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

_____ (ұйым, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

_____ (ұйым, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

20 __ жылғы «__» _____

М е м л е к е т т і к о р м а н қ о р ы
 учаскелерінде _____ селекциялық-генетикалық
 мақсаттағы _____ объектілерді _____ аттестаттау _____ мен
 есепке алу қағидаларына
 8-қосымша
 Нысан

Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді жергілікті жерде шектейтін орман шаруашылығы белгілері

Объектілер	Жазбалар шифрлары	Белгілер
1. Клондар мұрағаттары	2 1 - 1 6 К А Р - 9 7 2,5	Орам нөмірі – телім нөмірі Атауы – отырғызу жылы Алқабы, гектар
2. Генетикалық орман резерваты	5 3 - 1 2 О Г Р – 0 4 105,5	Орам нөмірі – телім нөмірі Атауы – отырғызу жылы Алқабы, гектар

3. Географиялық (таралымдық-экологиялық) дақылдар	8 1 - 2 5 Г Е 3,7	-	9 5	Орам нөмірі – телім нөмірі Атауы – отырғызу жылы Алқабы, гектар
4. Сынақ дақылдары	3 1 - 2 7 С Е 3,7	-	9 9	Орам нөмірі - телім нөмірі Атауы - отырғызу жылы Алқабы, гектар

Ескертпелер:

1. Бағаналар алқаптарды шектейтін сызықтардың қиылысына (бұрыштарда) орнатылады. Бағанның жазуы бар беттері учаске жаққа, ал қырлары учаскенің ортасына бағытталады.

2. Жазбалар трафарет бойынша және 56-8480 ОСТ-қа сәйкес жазылуы тиіс.

3. Артықшылығы бар ағаштар 1,3 метр биіктікте ағаш діңіне ақ майлы бояумен ені кемінде 10 сантиметр жолақ тартылып, қос нөмірі (ақ түстің үстінен қара бояумен): алымында - тізілім бойынша ағаштың нөмірі, бөлімінде - ағаштың мемлекеттік орман иеленушісі бойынша нөмірі жазылып белгіленеді.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен есепке алу қағидаларына 9-қосымша Нысан

бойынша

(облысы)

артықшылығы бар ағаштардың тізілімі

(ағаш тұқымының түрлік атауы)

Тізілім бойынша ағаштың реттік нөмірі	Ағаштың орналасу орны			Мемлекеттік орман иеленуші бойынша ағаш нөмірі	Ағаштың негізгі таксациялық сипаттамасы				Ескертпе (селекциялық белгісі)
	Мемлекеттік орман иеленушісі, орманшылық	орам нөмірі	телім нөмірі		жасы, жылы	Екпелердің орташа көрсеткішінен биіктігі, метр/%	Екпелердің орташа көрсеткішінен диаметрі, сантиметр/%	Бұтақсыз бөлігі, дің биіктігінен метр/%	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі селекциялық-генетикалық

мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен
 есепке алу қағидаларына
 10-қосымша
 Нысан

Генетикалық орман резерваттарының тізілімі

(облыс)

Тізілім бойынша №	Ағаш тұқымы	Алаңы , гектар	Орман тұқым ауданы (кіші ауданы)	Орналасу орны		Аттестаттау күні	Ескертпе
				Мемлекеттік орман иеленушісі, орманшылық	Орам, телім №		
1	2	3	4	5	6	7	8

Кітап жүргізуге жауапты адам:

№	Ттегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы	Лауазымы	Жауапты адамның кітапты толтыру уақыты		Қолы
			басталуы	аяқталуы	
1	2	3	4	5	6

Мемлекеттік орман қоры
 учаскелерінде селекциялық-генетикалық
 мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен
 есепке алу қағидаларына
 11-қосымша
 Нысан

Артықшылығы бар ағаштар клондары мұрағаттарының тізілімі

(облыс)

Тізілім	Орман тұқым	Орналасу орны	
		Орам, телім №	

бойынша №	Ағаш тұқымы	Алаңы, гектар	ауданы (кіші ауданы)	Мемлекеттік орман иеленушісі, орманшылық		Аттестаттау күні	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8

Кітап жүргізуге жауапты адам:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы	Лауазымы	Жауапты адамның кітапты толтыру уақыты		Қолы
			басталуы	аяқталуы	
1	2	3	4	5	6

Мемлекеттік орман қоры
учаскелерінде селекциялық-генетикалық
мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен
есепке алу қағидаларына
12-қосымша
Нысан

Географиялық дақылдардың тізілімі

(облысы)

Тізілім бойынша №	Ағаш тұқымы	Алаңы, гектар	Орман тұқым ауданы (кіші ауданы)	Орналасу орны		Аттестаттау күні	Ескертпе
				Мемлекеттік орман иеленушісі, орманшылық	Орам, телім №		
1	2	3	4	5	6	7	8

Кітап жүргізуге жауапты адам:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы	Лауазымы	Жауапты адамның кітапты толтыру уақыты		Қолы
			басталуы	аяқталуы	
1	2	3	4	5	6

Мемлекеттік орман қоры
учаскелерінде селекциялық-генетикалық
мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен
есепке алу қағидаларына
13-қосымша
Нысан

Сынақ дақылдардың тізілімі

(облысы)

Тізілім бойынша №	Ағаш тұқымы	Алаңы, гектар	Орман тұқым ауданы (кіші ауданы)	Орналасу орны		Аттестаттау күні	Ескертпе
				Мемлекеттік иеленушісі, орманшылық	Орам, телім №		
1	2	3	4	5	6	7	8

Кітап жүргізуге жауапты адам:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы	Лауазымы	Жауапты адамның кітапты толтыру уақыты		Қолы
			басталуы	аяқталуы	
1	2	3	4	5	6

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен есепке алу қағидаларына 14-қосымша

Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің тексеру көлемдерін айқындау

№	Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілер орналасқан алаң	Тексеруге жататын алаң
1	2	3
1.	6 гектарға дейін	Барлық алаң
2.	6-дан 50 гектарға дейін	жалпы алаңнан 20 %
3.	50-ден 100 гектарға дейін	жалпы алаңнан 15 %
4.	100 гектардан және одан көп	жалпы алаңнан 5 %

Ескертпе: егер объект алаңында орман өрті болса, оның бүкіл алаңы тексерілуге жатады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен есепке алу қағидаларына 15-қосымша

Нысан

**20__ жылғы жағдай бойынша _____ облысында
селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің
бар-жоғы және олардың жай-күйі**

№	Мемлекеттік орман иеленуші, объектінің атауы	Өткен түгендеудің деректері гектар/дана	20__ жылы деректері гектар/дана	Тұқым атауы	Объектінің орналасу орны			Ескертпе (қалған объектілерге ұсынылған іс-шаралар), объектілерді есептен шығару және оларды нысаналы мақсат бойынша пайдалану себептері
					Орманшылық	Орам	Телім	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.								
	Облыс бойынша жиыны:							
	оның ішінде:							
	тұқымдар бойынша:							
1.	шырша							
2.	қарағай							
3.	Сексеуіл, бұдан әрі тұқымдар бойынша							

Мамандандырылған ұйымның басшысы _____

—

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

М.О.

Мемлекеттік орман қоры
учаскелерінде селекциялық-генетикалық
мақсаттағы объектілерді аттестаттау мен
есепке алу қағидаларына

16-қосымша

Нысан

20 __ жылғы түгендеудің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасындағы селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің жиынтық ведомосы

Тұқым	Артықшылығы бар ағаштар, дана	Генетикалық орман резерваттары, гектар	Географиялық дақылдар, гектар	Артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттары, гектар	Таралымдардың сынақ дақылдары, гектар	Артықшылығы бар ағаштардың сынақ дақылдары, гектар	Буданда сынақ дақылдары, гектар
1	2	3	4	5	6	7	8
облыс							
Барлығы							
оның ішінде:							
шырша							
қарағай							
Сексеуіл, бұдан әрі тұқымдар бойынша							
бұдан әрі барлық облыстар бойынша							
Республика бойынша барлығы							
оның ішінде:							
шырша							
қарағай							
Сексеуіл, бұдан әрі тұқымдар бойынша							

Мамандандырылған ұйымның басшысы _____

—

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)